



Жамбыл ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2012-2013 жылдарға белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 наурыздағы N 4-45 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 25 сәуірде N 2-7-137 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 ақпандағы N 29-191 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 10.02.2014 N 29-191 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 422-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы қаңтардағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15)-тармақшасына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салық ставкаларын 2012-2013 жылдарға қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әлібек Пернебайұлы Сарсеновқа және аудандық мәслихаттың "Экономикалық реформа, бюджет, тарифтік саясат, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту" жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы
КЕЛІСІЛДІ:

Б.Б. Досмухамбет
Б.Б. Қазиев

бастығы
26 наурыз 2012 жыл

Ж а м б ы л а у д а н ы б о й ы н ш а
с а л ы қ б а с қ а р м а с ы н ы ң
Серікбаева Раушан Төленқызы

Жамбыл аудандық мәслихатының
 2012 жылғы 26 наурыздағы
 "Жамбыл ауданы бойынша бірыңғай
 тіркелген салық ставкаларын
 2012-2013 жылдарға белгілеу
 туралы" N 4-45 шешіміне
 қосымша

**Жамбыл ауданы бойынша 2012-2013 жылдарға арналған бірыңғай
 тіркелген салық ставкасының мөлшері:**

Рет N	Салық салу объектісінің атауы	Жамбыл ауданы бойынша айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	4
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1,7
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3,2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1,7
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	8,7